

С.АМАНЖОЛОВ АТЫНДАҒЫ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК
УНИВЕРСИТЕТІ
ВОСТОЧНО-КАЗАХСТАНСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ УНИВЕРСИТЕТ
ИМЕНИ С. АМАНЖОЛОВА

КЕЛІСІЛДІ / СОҒЛАСОВАНО

КММ директоры

№32 орта мектебі

Филатова О.Н.

№ 3 «10» 12 2020 ж/г



БЕКІТІЛДІ / УТВЕРЖДЕНО

Факультеттің кеңесі төрағасы/

Председатель совета факультета

Мадияров М.Н.

Хаттама / Протокол

№ 10 «11» 06 2020 ж/г



ПӘН БАҒДАРЛАМАСЫ (SYLLABUS)
ПРОГРАММА ДИСЦИПЛИНЫ (SYLLABUS)

Физика тарихы

5B012600 – Математика-Физика

Оқу түрі / Форма обучения күндізгі оқу түрі

Курс/Курс 3

Семестр/Семестр 5

Кредиттер саны/Количество кредитов 5

Дәрістер/Лекции 20

Практикалық (семинар) сабақтар/30

Практические (семинар) занятия

Зертханалық сабақтар/0

Лабораторные занятия

БӨӨЖ / СРОП 25

БӨЖ / СРС 75

Емтихан / Экзамен 5 семестр

Өскемен, 2020ж./г.

Құрастырушы / Составитель:
аға оқытушы Баймолданова Л.С.

Пән бағдарламасы / Программа дисциплины (Syllabus)


Пәннің бағдарламасы Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары үшін жалпы білім беру пәндері циклінің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 31.10.2018 жылғы № 603 бұйрығы) негізінде жасалған / **Программа дисциплины** разработана на основании типовых учебных программ цикла общеобразовательных дисциплин для организаций высшего и (или) послевузовского образования (Приказ МОН РК от 31.10.2018 г. № 603) (жалпы білім беру пәндері үшін / для общеобразовательной дисциплины);

бағдарламасы университет әдістемелік кеңесі отырысында бекітілген оқу бағдарламасы негізінде жасалған / **Программа дисциплины** разработана на основании учебной программы, утверждённой на заседании Методического совета университета

Хаттама / Протокол № 4 «24» 04 2020 ж./г. (базалық және профильдік пәндер үшін / для базовых и профилирующих дисциплин)

Кафедра отырысында ұсынылған / Рекомендована на заседании кафедры

Хаттама / Протокол № 10 «03» 06 20 10 ж./г.

Физика кафедрасының меңгерушісі / Заведующий кафедрой физики
Бектасова Г.С. 

1. Пән туралы ақпарат

Пәннің атауы/ Наименование дисциплины «Физика тарихы»	Пәннің коды / Код дисциплины IsF -3303	Кредит саны/Количес тво кредитов 5	Курс/Курс 3 Семестр/семестр 5
БББ атауы / Название ОП Математика-Физика	БББ коды / Код ОП 5B012600	Кафедра Физика	Факультет ЖҒЖТ
Пәнді өткізу уақыты және орны / Время и место проведения дисциплины <i>оқу кестесі бойынша, № 7оқу ғимараты, 207 ауд. / по расписанию, учебный корпус № 7, ауд. 404</i>			
Кеңес беру уақыты – оқу кестесі бойынша / Время консультации - по расписанию			
Рейтинг кестесі: 7 және 15 апта / График рейтинга: 7 и 15 недели			
Оқытушының А.Т.Ә., ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, қызметі / ФИО преподавателя, ученая степень, ученое звание, должность : Баймолданова Л.С., физика магистрі, аға оқытушы	Байланыс ақпараты (телефон, e-mail) / Контактные данные (телефон, e-mail) 22-46-80 Lyazbs_82@mail.ru		

2. Пәннің қысқаша мазмұны: / Краткое описание дисциплины:

Физика тарихы – физикалық ғылымның дамуын зерттейтін ғылым тарихының бір бөлігі. Ғылым тарихының негізгі мәселесі – ғылымның дамуын басқаратын заңды табу. Кей кездері мұндай заңдар жоқ секілді көрінеді. Тарихи материализм адамазаттың дамуымен қатар ғылымның дамуына жол ашты. Адамның өмір сүруіне қажетті заттарды ойлап тапты. Ғылымның дамуы экономикалық дамудың белгілі бір сатысында жүзеге асып отырды. Ұрпақтан-ұрпаққа ғылым жан-жақты дамып, толықтырылып беріліп отырды. Мысалы, аңшылық пен мал шаруашылығына жер шаруашылығы содан кейін тігіншілік, металлдарды өңдеу, қолөнер қосыла бастады. Ғылым қазіргі заманғы тарихи сатыда дамыды. Қазіргі заманғы ғылым дамуында көптеген құралдарды қажет етеді. Осы пәнді оқу нәтижесінде алған білім физиканың бөлімдерін, «Физиканы оқыту әдістемесі» сияқты курстарды оқып-үйренуге негіз болады. Студент осы курстағы мәселелерді шешу дағдыларын игеріп, физика тарихын білуі керек.

Мақсаты:/ Цель:

Пәнді оқытудың мақсаты: студенттерді физика ғылымының негізгі даму сатыларымен, қазіргі заман физикасының мәселелерімен таныстыру, жоғарғы оқу орнында оқыту барысында физика пәнінің оқытушысы ретінде

даярлау. студенттердің әлем туралы бейнесін қалыптастыру, сауатты маман дайындау.

Міндеттері: / Задачи:

- математика пәндерін қолдана отырып физика саласында толық білім алуға;
- табиғатта болып жатқан процестер мен құбылыстарға тұтас көзқарас қалыптастыру және табиғатты танудың ғылыми әдістері туралы түсінік қалыптастыру;
- Мемлекеттік стандарттың талаптарына сәйкес физикалық есептерді шешу дағдыларын, сондай-ақ күрделене түскен мәселелерді шешу қабілеттерін дамыту;
- ойлау мәдениетін және ақыл-ой жұмысын ғылыми ұйымдастыру дағдыларын қалыптастыру;
- қоғамдағы тұрақты азаматтық позицияны дамыту үшін дүниетанымдық сипаттағы білім алу.

Компетенции / Компетенции

Курс белгілі бір уақытқа белгіленген процестерді қарастырады. Курсты оқып-үйрену, егер сәтті игерілсе, студент кез-келген физикалық мәселеде еркін еркін жүруге мүмкіндік береді.

Курс жалпы физика ұғымдарының тарихи дамуын, олардың уақыт өте келе өзгеруіне мүмкіндік береді. Қазақстан Республикасының қалыптасуы мемлекет стандартының талаптарына сәйкес физика бөлімдерін зерделеу керек.

Курстың мазмұны күнтізбеде де көрсетіледі - тақырыптық жоспар және СӨЖ бойынша тапсырмалар

Пәнді игеру нәтижесінде студент міндетті:

Білуге тиіс: жалпы физика курсының негізгі түсініктері, заңдары мен теориялары; жалпы физика курсының бөлімдері: механика, молекулалық физика, электр, оптика.

Істей білуі керек: физика заңдылықтары мен құбылыстарының, заңдарының ашылу, даму мәселелерін аша алады; физика пәнін оқытуда физика тарихынан тарихи есептерді шеше алады.

Игереді: болашақта тарихи мағлұматтарды қолдана отырып, физикалық заңдылықтарды басқа байланыс пәндерді оқуда қолдануды игереді.

Оқыту нәтижелері / Результаты обучения

«Физика тарихы» пәнін игеру нәтижесінде студенттерде келесі жалпы кәсіби және кәсіби құзіреттілік қалыптасады:

Істей білуі керек: физика және теориялық физика курсының жалпы курсының бөлімдерін оқып үйренуге негіз болатын осы курсты оқып-үйрену кезінде алған білімдерін, дағдыларын, сонымен қатар мамандандыру пәндерін оқып-үйренуде қолдана білу.

Пререквизиттер / Пререквизиты

№	Пәндердің атауы, олардың бөлімдері (тақырыптары) / Название дисциплины, разделы (темы)
1	Механика
2	Молекулалық физика
3	Оптика

Постреквизиттер тізімі

№	Пәндердің атауы, олардың бөлімдері (тақырыптары) / Название дисциплины, разделы (темы)
1	Статистикалық физика және физикалық кинетиканың негіздері
2	Атом және атомдық ядро физикасы
3	Электроника

5. Күнтізбелік-тақырыптық жоспар / Календарно-тематический план

№	Пән тақырыптарының атауы / Наименование тем дисциплины	Апта недели	Сабақ түрі бойынша аудиториялық сағат саны / Количество аудиторных часов по видам занятий		Сабақ түрі бойынша аудиториялық емес сағат саны / Количество внеаудиторных часов по видам занятий		Барлығы (с.) / Всего (ч.)
			Дәріс (с.) / Лекция (ч.)	Пр/сем./ зертх-к./ студ (с.) / Пр/сем./л аб./студ (ч.)	БООЖ (с.) / СРОП (ч)	БӨЖ (с.) / СРО (ч)	
1	Кіріспе. Физика тарихы пәні. Физика тарихының міндеттері.	1	1	2	2	5	10
2	Физиканың алдыңғы тарихы. Антикалық ғылым. Атомистиканың пайда болуы.	2	2	2	2	5	11
3	Орта ғасырдағы және қайта өрлеу дәуіріндегі физикалық білімдер.	3	1	2	1	5	9
4	XVI-XVII ғғ. ғылыми көтеріліс. Тарихи ескертулер. Коперниктің ғылыми революциясы. Әлемнің гелиоцентрлік жүйесіне күрес. Жаңа әдістеме және ғылымды жаңадан ұйымдастыру.	4	2	2	2	5	11

5	Ньютон және оның ғылыми әдісі. Тарихи ескертулер.	5	1	2	1	5	9
6	Классикалық физиканың дамуы.	6	1	2	2	5	10
7	XVII-XIX ғғ. оптиканың дамуы.	7	1	2	1	5	9
8	МКТ эксперименттік негізі және статистикалық физиканың пайда болуы.	8	1	2	2	5	10
9	XIX ғ. аяғы – XX ғ. басындағы ғылыми көтеріліс.	9	2	2	2	5	11
10	Кванттық механиканың пайда болуы.	10	1	2	2	5	10
11	Қозғалған орта электродинамикасы және А.Эйнштейннің электрондық теориясы.	11	2	2	2	5	11
12	Атомдық және ядролық физиканың пайда болуы.	12	1	2	1	5	9
13	Ғылым және қоғам. Физикадан Нобель сыйлықтары.	13	2	2	2	5	11
14	Қазіргі заман физикасы. XX ғ. физикалық ашылулардың тарихы.	14	1	2	1	5	9
15	Совет физикасының дамуы.	15	1	2	2	5	10
	Барлығы / Всего	15	20	30/0	25	75	150
Ағымдағы бақылау / Текущий контроль		Пәннің жалпы сағат санының 10% (санын көрсету) / 22,5% 10% от общего количества часов по дисциплине (указать количество)					

6. Дәріс сабақтарының мазмұны / Содержание лекционных занятий

Тақырып 1. / Тема 1

Дәріс тақырыбы: Кіріспе. Физика тарихы пәні.

Дәрістің мақсаты: Физиканың даму тарихын қарастыру.

Тақырып бойынша қарастырылатын сұрақтар:

- 1 Кіріспе;
- 2 Физика тарихы пәні;
- 3 Физика тарихының міндеттері.

Дәрістің тезісі: Физика тарихы – физикалық ғылымның дамуын зерттейтін ғылым тарихының бір бөлігі. Ғылым тарихының негізгі мәселесі – ғылымның дамуын басқаратын заңды табу. Кей кездері мұндай заңдар жоқ секілді көрінеді. Тарихи материализм адамазаттың дамуымен қатар ғылымның дамуына жол ашты. Адамның өмір сүруіне қажетті заттарды ойлап тапты. Ғылымның дамуы экономикалық дамудың белгілі бір сатысында жүзеге асып отырды. Ұрпақтан-ұрпаққа ғылым жан-жақты дамып,

толықтырылып беріліп отырды. Мысалы, аңшылық пен мал шаруашылығына жер шаруашылығы содан кейін тігіншілік, металлдарды өңдеу, қолөнер қосыла бастады. Ғылым қазіргі заманғы тарихи сатыда дамыды. Қазіргі заманғы ғылым дамуында көптеген құралдарды қажет етеді. Сондықтан атомдық және ядролық энергетиканың дамуына изотоптарды бөлетін арнайы өндіріс орындары пайда болды, сонымен қатар реакторлар мен үдеткіштер салынды. Сондықтан қазіргі заман құралдарымен жұмыс істеу үшін жоғары дәрежелі, білімді кадрлар қажет болды.

Физика тарихы пәні – адамзат өмірінде белгілі бір орын алатын физикалық ғылымдардың пайда болу және даму процесі.

Физика тарихының білімі – физикалық білімнің бөлінбейтін бөлшегі. Физика тарихы 2 мың жылдан бері білгілі. Осы жыл көлемінде оның даму қарқынды әр түрлі. Физика тарихы физика ғылымының ең танымал, атқаты ғалымдарымен маңызды зерттеулерді, жаңалықтарды, заңдар мен заңдылықтарды оқытады.

Физика тарихының міндеті:

1. фактілерді жинау. Фактілерді тарихи тізбекте айта отырып, физиканың даму бейнесін толығымен көрсету;
2. физика ғылымының даму процесін зерттеу;
3. физика ғылымы дамитын заңдылықтарды зерттеу.

Өзін - өзі бақылауға арналған тапсырмалар:

Қорғауға берілген реферат тақырыптары:

1. Демокрит
2. Аристотель
3. Архимед

Негізгі әдебиеттер /1-3/,

Қосымша әдебиеттер /5-7/.

Тақырып 2. / Тема 2

Дәріс тақырыбы: Ғылыми білімдердің пайда болуы. Ежелгі заман физикасы.

Дәрістің мақсаты: Ежелгі заман физикасының даму тарихын қарастыру.

Тақырып бойынша қарастырылатын сұрақтар:

- 1 Ғылыми білімдердің пайда болуы;
- 2 Антикалық ғылымның бастапқы сатысы;
- 3 Атомистиканың пайда болуы;
- 4 Аристотель дәуірінен кейінгі атомистика.

Дәрістің тезісі: Адамзат өмір сүру үшін күресу арқылы қоршаған ортадан білім тапты. Осы күрес арқасында өздерінетімақ пісіруде және қорғануда қолданған таяқ пен тастарды жебеге, қармаққа және т.б. құралдарға ауыстырды. Ең басты жетістіктері отты қолдана білу. Мындаған жылдарда адамдарда сана қалыптасып, сөйлеу дамып, аспан денелері, өсімдіктер, жануарлар, қозғалыс пен күштер туралы, метеорологиялық құбылыстар туралы түсініктер жайлы білімдері толықтырылды.

Бүгінгі күнге дейін Египетте сақталған үлкен пирамидалар б.э.д. III ғ. көптеген адамдардың жұмыс істеу күшінен салынғанның куәсі болады. Египетте қазіргі календарьларды ойлап тапты. Сол кездері Вавилондық математика жоғары дәрежеде дамыды. Олар Пифагор теоремасын біліп, квадраттар мен квадраттық түбірлерді, кубтық түбірлерді есептей білді. Тарихшылардың көзқарастары бойынша вавилондық математика египеттік математикадан жоғары тұрды, ал геометрия жағынан египеттіктер алға озды.

Ежелгі Греция қазіргі заманғы ғылымның туған жері. Осы жерде ғылым мен ғылыми әдістер пайда болды. Механика, математика, физика, биология, география және т.б. ғылымдары және де масса, атом, электрон, изотоп секілді сөздер грек тілінен алынған. Фалес, Пифагор, Демокрит, Архимед, Евклид, Аристотель атты грек ғалымдары қазіргі заманғы ғылымның болғанына дәлел бола алады.

Әлемдегі ең алғашқы оқу-ғылыми орындары Аристотель лицейі мен Платон академиясы сол кездегі жоғарғы мектептерінің орнына болды. Грек ғылымының негізін қалаған Фалес Милетский (б.з.д. 624-547 ж.ж.) және Ионий мектебінің өкілдері Анаксимандр (б.з.д. 610-546 ж.ж.) мен Анаксимен (б.з.д. 585-525 ж.ж.) барлық заттардың алғашқы материалдық негізгі идеясын ұсынды. Фалес мұндай заттың негізі – ауа деп, Анаксимандр – шексіз және анықталмаған «апейрон» деп, Анаксимен – су деп ойлады.

Анаксагор атомистиканың негізін қалаған Левкипп пен Демокриттің (б.з.д. 460-370 ж.ж.) замандастары болған. Демокриттің шығармалары бізге жетпеген, бірақ физика және философияның авторы арқылы Демокрит теориясының негізгі принциптерін оқи аламыз. Демокриттің принциптері:

1) Ештеңеден ештеңе пайда болмайды. Барлық өзгерістер бөлшектердің қосылуы және бөлшектенуі арқылы жүзеге асады.

2) Ештеңе кездейсоқ жүзеге аспайды, барлығы қандай да бір қажеттіліктің болуынан жүзеге асады.

3) Атом мен таза кеңістіктен басқа ештеңе жоқ, қалғандары тек қана көзқарас.

4) Атомдар саны жағынан шексіз және пішіні жағынан әр түрлі.

5) Атомдардың саны, мөлшері, пішіні, реті арқылы заттарда айырмашылық байқалмайды.

6) Адам жаны жіңішке, домалақ атомдардан тұрады. Бұл атомдар неғұрлым қозғалыста болады.

Өзін - өзі бақылауға арналған тапсырмалар:

Қорғауға берілген реферат тақырыптары:

- 1) Бируни
- 2) Хайсам
- 3) Р.Бэкон

Негізгі әдебиеттер /1-3/,

Қосымша әдебиеттер /5-7/.

Тақырып 3 / Тема 3

Дәріс тақырыбы: Орта ғасыр физикасы.

ШҚМУ Е У 002-20-03 Пән бағдарламасы (Syllabus)

Дәрістің мақсаты: Орта ғасыр физикасының даму тарихын қарастыру.

Тақырып бойынша қарастырылатын сұрақтар:

- 1 Тарихи ескертулер.
- 2 Орта ғасырдағы Шығыс елдерінің жетістіктері.
- 3 Орта ғасырдағы Европалық ғылым.

Дәрістің тезисі: Рим мемлекетінің құл иеленушілік кезеңінің құлдырау және Батыс Европаның феодализіміне ауысу процесі әскери қақтығыстар мен тайпалардың қозғалысы жағдайында өтті. Мәдениет пен ғылымның даму тарихына арабтар көп үлес қосты. Олар шығыс, батыс, антикалық және ортағасырлық физиканы жалғастырушылар болды. Нәтижесінде ортағасырлық ғылымның дамуы Шығысқа бағынды. Кейінірек саяхаттар ұйымдастырылып, европалық ғылым жанданып, университеттер мен атақты ғалымдар пайда болды. Осы феодализм кезеңінің дамуы өндірістік күштің қарқынды өсуімен түсіндіріледі. XV ғ. аяғы мен XVII ғ-ң II жартысынан бастап феодализм құлдырай бастады. Бұл кезең ғылым тарихында маңызды орынға ие болды, себебі дәл сол кезеңде жаңа эксперименталды жаратылыстану ғылымдары пайда болды. Сонымен, ортағасырлық ғылым мен физиканың тарихы қоғамның дамуына сәйкес 3 бөліктен құралады:

- 1) VII-XI ғ. Шығыстағы ғылымның даму кезеңі.
- 2) XI-XV ғ. Европалық-феодалдық ғылымның даму кезеңі.
- 3) XV соңы – XVII ғ. I жартысында тәжірибелік жаратылыстанудың пайда болу кезеңі.

Ортағасырлық Шығыс бай және мәдениетті мемлекет болды. әр түрлі елдің өкілдері жүрген шулы базарлар, әсем безендірілген сарайлар, осының бәрі араб елінің астанасы – Бағдатқа тиесілі еді. Бұл құл мен шаруалардың арқасында құрылған. Арабтарда сонымен қатар тәжірибелік ғылым дами бастады. Бируни мен Алхазен ғалымдарын оқи отырып Шығыстағы эксперименталды ғылым қалай дамығанын көреміз. Арабтар ойлап тапқан механикалық сағаттар, компас, қағаз секілді құралдар европалық мәдениеттің дамуына зор үлес қосты.

Ортағасырдың алғашқы кезеңінде (VII-XI ғ.) Шығыс мемлекеттері Европадан едәуір алға озды. Европаның мынадай ғылыми прогресстерін атап көрсетуге болады:

- 1) Европада университеттердің салынуы.
- 2) Ғылымның даму кезеңінің бірі – техника.
- 3) Антикалық ғылыми еңбектермен танысуы.

Өзін - өзі бақылауға арналған тапсырмалар:

Қорғауға берілген реферат тақырыптары:

1. Бируни
2. Хайсам
3. Р.Бэкон

Негізгі әдебиеттер /1-3/,

Қосымша әдебиеттер /5-7/.

Тақырып 4 / Тема 4

ШҚМУ Е У 002-20-03 Пән бағдарламасы (Syllabus)

Дәріс тақырыбы: Гелиоцентрлік жүйеге күрес. Тәжірибелік және математикалық әдістердің пайда болуы.

Дәрістің мақсаты: Гелиоцентрлік жүйені және тәжірибелік, математикалық әдістері толық мағлұмат беру.

Тақырып бойынша қарастырылатын сұрақтар:

- 1 Тарихи ескертулер.
- 2 Коперниктің ғылыми революциясы.
- 3 Әлемнің гелиоцентрлік жүйесіне күрес.
- 4 Жаңа әдістеме және ғылымды жаңадан ұйымдастыру.

Дәрістің тезисі: XVII ғ. басында физика ғылымы өте жылдам қарқынды дамыды. Антикалық ғылымнан қалған жетістіктер ғылымның болашақта дамуына күмән келтірді. Сондықтан Коперник, Бруно, Галилей сынды ғалымдар аристотельдік дәстүрге қарсы күреске шықты. Бұл істі оның замандастары да жалғастырды. Галилейдің замандастарының бірі ағылшын философы Френис Бэкон (1561-1626) ежелгі ғылымның жаңадан ашылған жаңалықтарға қайшы келетінін айтып, жаңа әдістеме құруды ұсынды. Бэкон ғылымды ұйымдастырып, жаңа әдіс ұсынды. Оның әдісінің негізі тәжірибе болды. Ғылым тәжірибе мен практикаға сүйене отырып, солардан қорытынды, аксиома, себептер шығару керек, яғни жеке фактілерді жалпылама әкелу.

Ғылымның дамуы жаңа ғылыми орталықтар мен академиясының ұйымдастыруларына әкелді. Осындай академиясының алғашқысы 1657 ж. Флоренцияда ашылған Флорентиялық тәжірибе академиясы болды. Академиялар саны көбейе бастады. Ғылымның дамуымен қатар ғылым ақпараты да дамыды. Сонымен XVII ғ-да болған ғылыми революциясының нәтижесінде классикалық физика пайда болды. Классикалық механика Ньютон заңдарынан және динамика принциптерінен дамыды. Бэконнан кейін француз философы Рене Декарттың (1569-1650) дедукция әдісі пайда болды. Дедуктивті әдістің негізін – Декарт, ал Бэкон – индуктивті әдістің негізін қалады. 1644 ж. Декарттың «Философиялық бастамасы» деп аталатын шығармалар жинағы жарыққа шықты. Онда әлем, космос туралы шығармалары шықты. Декарт бойынша 3 бөлшек бар: жердің, ауаның, оттың.

XVIII ғасырда механикаға дифференциалды және интегралды есептеулер әдістері енді. XVIII ғасырдағы математиктер мен механиктер механиканың аналитикалық механикаға ауысуына зор ықпал жасады.

Өзін - өзі бақылауға арналған тапсырмалар:

Қорғауға берілген реферат тақырыптары:

- 1 Н.Коперник
- 2 Н.Кеплер

Негізгі әдебиеттер /1-3/,

Қосымша әдебиеттер /5-7/.

Тақырып 5 / Тема 5

Дәріс тақырыбы: Классикалық физиканың негізгі бағыттарын дамыту (XVIII-XIX ғғ). XVIII ғ. ғылыми революцияның аяқталуы.

ШҚМУ Е У 002-20-03 Пән бағдарламасы (Syllabus)

Дәрістің мақсаты: Классикалық физиканың негізгі бағыттарын қарастыру.

Тақырып бойынша қарастырылатын сұрақтар:

- 1 Тарихи ескертулер.
- 2 Ресейдегі ғылым. Механика.
- 3 XVIII ғасырдағы молекулалық физика және жылу.
- 4 Оптика.
- 5 Электр және магнетизм.

Дәрістің тезисі: Егер механика XVIII ғ-да жаратылыстану ғылымның дамыған жетілген ғылымы болса. Ал жылу туралы ғылым алғашқы қадамын енді бастады. Бірақта жылу құбылыстарын зерттеу XVII ғасырда басталған, оны Галилейдің термоскопынан көруге болады. Герике, Ньютонның термометрлері жаңа ғасырдың I жартысында термометрияның дамуына негіз болды. Фарангейт, Делилей, Ломоносов, Реомюр, Цельсийдің термометрлері құрастырылуы жағынан бір бірінен ерекшеленеді.

1703 ж. париждің академигі Амонтон (1663-1705) тұрақты көлемді газды резервиармен жалғанған манометрлік түтікше көмегімен температураны анықтауға болатын газды термометрлерді құрап шығарды. Бірақта олар практикалық мақсаттарды жүзеге асыруға қолайсыз болды. 1709 ж. тұрақты нүктелері бар спиртті термометрді Фарангейт ойлап тапты. 1714 ж. сынапты термометрлер жасалына бастады. Фарангейт бойынша судың қату температурасы 32° , қайнау нүктесі – 212° болды.

XVIII ғ-да жылу оптикамен тығыз байланыста болды. Себебі, от жылу және жарық береді, химиялық құбылыстарды тудырады. Ақ және басқа түстердің физикалық табиғатын зерттеумен Ньютон, Гук, Ломоносов, Эйлер айналысты. Эйлер түстердің резонанстық теориясын көрсетті. Жарықтың корпускулярлық теориясы өз орнын тапты.

Фотометрияның негізін қалаушылар француз Пьер Бугер мен И.Г. Ламберт. Жарықтың таралуы және жарықталынуы суретшілердің қызығушылықтарын оятты және атақты суретші-зерттеуші Леонардо фотометрияны эксперимент түрінде қолдағандардың бірі. Бугер ең қарапайым фотометрді құрады және жарықтың жұтылу заңын былай тұжырымдаған: жарық ағынының интенсивтігі жұтылу қабатының қылындығымен экспоненциал заңымен кемиді.

XVIII ғ-дағы фотометрияның негізгі жетістіктері: фотометрияның ашылуы, Ньютонның телескопқа арналған объективтердің ойлап табылуы және Брадлейдің жарық абберрациясының ашылуы. Брадлейдің ашқан жаңалығы жарық жылдамдығын анықтаудың жаңа әдісі болып, кейіннен қозғалмалы ортаның оптикасын дамытуға маңызды роль атқарды.

Электрлік және магниттік құбылыстарды зерттеу Гильберт бастады. Гильберт көптеген денелерді зерттеп арнайы электрлік көрсеткішті ойлап тапты. Электрлік тәжірибелермен Ньютон да айналысты. Бұл құбылысты 1675 ж. металл сақинасының үстіне қағазды, одан кейін шыныны қойған. Шыныны үйкеу кезінде қағаз шыныға тартылған. Электрлік тәжірибелерге

Франклин, Рихман, Ломоносов сынды Америка және Ресей ғалымдары өз үлестерін қосты.

Өзін - өзі бақылауға арналған тапсырмалар:

Қорғауға берілген реферат тақырыптары:

- 1 Г.Галилей
- 2 Б.Паскаль
- 3 И. Ньютон

Негізгі әдебиеттер /1-3/,

Қосымша әдебиеттер /5-7/.

Тақырып 6 / Тема 6

Дәріс тақырыбы: XIX ғ. физиканың негізгі бағыттарының дамуы.

Дәрістің мақсаты: Физиканың негізгі бағыттар осы ғасырда қалай дамығанын қарастыру.

Тақырып бойынша қарастырылатын сұрақтар:

- 1 XIX ғ. I ж. механиканың, толқындық оптиканың дамуы
- 2 Электродинамиканың пайда болуы және оның Максвеллге дейінгі дамуы.

Электромагнетизм.

- 3 Термодинамиканың пайда болуы және дамуы
- 4 Сақталу заңдарының ашылуы және энергияның айналуы
- 5 Зертханалардың салынуы.

Дәрістің тезисі: Эйлер, Лагранж және т.б. математик пен механиктердің еңбектерімен математикалық жаратылыстанудың теоретикалық механика саласы қалыптасты. Орыс ғалымдары, механиктері Остроградский, Чебышев және т.б. механиканың дамуына өз үлестерін қосты. Бұл ғасырда көптеген ғалымдар Лагранждың еңбегін ары қарай жалғастырды. 1803 ж. Лиу Пуансонның «Статиканың элементтері» еңбегі шықты. Ол ғалым күштердің жаңа ұғымдарын енгізді, пардың қасиеттерін зерттеді, күштерді қосудың заңын тұжырымдады.

XIX ғасырдың жетістіктері XVIII ғасырдағы Гюйгенс, Ломоносов, Эйлердің жарықтың толқындық теориясы жайлы еңбектерінен басталады. Өткен ғасырда Юнг ашқан дифракция және интерференция құбылыстары Френельдің еңбегінде көрініс тауып, поляризацияның ашылуына әкелді.

Жарықтың толқындық теориясы Юнгтың «Жарықтың толқындық теориясы» еңбегінде тұжырымдалады. Ол табиғаттың түстерін тербелмелі қозғалыс деп, түстердің әр түрлілігін – осы жиіліктердің әр түрлі жиіліктеріне байланысты деген.

1805 ж. Брюстер поляризацияның толық бұрышы заттың сыну көрсеткішіне тең деген теңдеуді көрсетті: $tgi = n$.

Франгоуфер толқындық оптикада 2 жаңалық енгізді:

- 1) «Франгоуфер сызықтары» деп аталатын түс сызықтарын ашты;
- 2) Параллель сәулелердегі дифракция және дифракциялық тордың ашылуы.

И.Физо айналатын тісті дөңгелекті және айнаны пайдалана отырып, 1849 ж. жарық жылдамдығының сан мәні 313000 км/с-қа тең екенін ашты. 1850 ж. Фуконың жасаған бақылауында судағы жарық жылдамдығы ауа жылдамдығынан кем екенін көрсетті.

XIX ғасырда электростатика мен электр және магнетизмге байланысты ашылған жаңалықтар қарастырылып дами бастады. әр түрлі құралдар мен аппараттар саны көбейді, сезгіш электроскоптар дами бастады. Вольт электроскопты ойлап тауып, кернеу терминін енгізді. Электростатиканың математикалық теориясы Пуассо, Грин, Гаусс ғалымдарымен дайындалды.

1891 ж. шыққан «Электр күштерінің трактаттары» еңбегінде Гальванидың ашқан жаңалықтары жазылған. Оның ашқан құбылыстары ғылыми оқулықтарды «гальванизм» атымен белгілі. 1800 ж. Вольта электр тогының генераторын ашты.

Эрстед және Фарадей магнит өрісінің құйынды сипатын көрсетті. Фарадей электромагнит индукцияны ашты. Бұл заңның математикалық жазуын Максвелл былай көрсетті: $\varepsilon = -\frac{d\Phi}{dt}$. Мұндағы ε - электр қозғаушы күш (ЭҚК); Φ индукцияланған токтың магнит ағыны.

Векторлық формасы: $\text{rot}\vec{E} = -\frac{\partial B}{\partial t}$.

Клаузиус «Жылудың механикалық теориясы» еңбегінде термодинамиканың I бастамасының аналитикалық мағынасын беріп, ішкі энергия түсінігін енгізді. Термодинамиканың I бастамасын балай жазды: $dQ = dW + dU$, мұндағы Q - жылу мөлшері; W - сыртқы жұмыс; U - ішкі энергия.

XIX ғ. II ж. Европада кейіннен Америкада физикалық зертханалар ашылды. Осы уақытқа дейін ғылымдар зерттеулерді жеке кішкентай бөлмелерде жүргізген. Ең алғашқы физикалық зертхана Германияда Геттинген университетінде ашылды. 1868 ж. профессор Жамен Сорбонда зертхана ашты. 1867 ж. Петербургтың ауылшаруашылық институтында физикалық зертхана ашты.

Өзін - өзі бақылауға арналған тапсырмалар:

Қорғауға берілген реферат тақырыптары:

- 1 К.Ф.Гаусс
- 2 Т.Юнг
- 3 Малюс
- 4 А.Ампер

Негізгі әдебиеттер /1-3/,

Қосымша әдебиеттер /5-7/.

Тақырып 7 / Тема 7

Дәріс тақырыбы: XIX ғ. физиканың негізгі бағыттарының дамуы.

Дәрістің мақсаты: Физиканың негізгі бағыттар осы ғасырда қалай дамығанын қарастыру.

Тақырып бойынша қарастырылатын сұрақтар:

ШҚМУ Е У 002-20-03 Пән бағдарламасы (Syllabus)

- 1 Термодинамиканың екінші бастамасы
- 2 Жылудың механикалық теориясы және атомистика
- 3 Электромагниттік өріс теориясының пайда болуы және дамуы
- 4 Электромагниттік толқындардың ашылуы
- 5 Радионың ойлап табылуы.

Дәрістің тезісі: Жылу техника процесінде энергияның айналуы және сақталу заңдарының ашылуларымен бірге жылу құбылыстарының теориялық зерттеу басталды. Негізгі түсініктер толықтырылып, жылу теориясының аксиомалары құралып, математикалық әдістер пайда бола бастады. Жылу теориясының қалыптасуына Р.Клаузиус, В.Томсон және т.б. ғалымдар зор үлес қосты. Клаузиус термодинамиканың II бастамасының тұжырымдалуына зор үлес қосты. Осы принциптің жасалынуына ағылшын физигі Вильям Томсон да зор үлесін қосты. 1848 ж. Томсон «Кельвин шкаласын» енгізуі термодинамикаға қосқан зор үлесі болған. Томсон эксперименталды және теориялық физика жайлы көп еңбектер жазды.

Термодинамиканың II бастамасында екі түрлі ауысулар жүреді: жылудың жұмысқа айналуы және жоғары температуралы жылудың өте аз температуралы жылуға айналуы. II бастаманың математикалық жазбасы: $\int \frac{dQ}{\tau} = 0$. Клаузиус интеграл астындағы теңдеу белгілі бір шамаға тең болу керек деп, 1865 ж. энтропия функциясын енгізді. Энтропияның дифференциалы: $dS = \frac{dQ}{\tau}$. Энтропия грек сөзінен айналу деген мағынаны білдіреді.

Қайтымды процесте: $dS = \frac{dQ}{dt} \neq 1$. Қайтымсыз процесте: $\int \frac{dQ}{\tau} > 0$.

Энергияның сақталу заңы ашылғаннан кейін әлемнің механикалық бейнесі құрылды. Осы бағытта жылудың механикалық теориясы ашылды. Бұл теорияны негізінде жылуды заттың өте кішкентай бөлшектерінің қозғалысы деп түсіндіреді. Материяның атом-молекулалық ілімі Левкиптан, Демокриттен бастап келеді. XIX ғ. химиялық атомистика ашылды. Дальтон газдар мен пардың қоспаларының зерттеулері нәтижесінде 1801 ж. қоспалардың парциал қысымы заңын енгізді. Атомистика ілімі химия мен физикада қатар жүріп отырды.

Фарадейдің ашқан жаңалығынан кейін электротехника дәуірі басталды. Алғашқы электрлік ток генераторы, электродвигательдер пайда болып, іске қосыла бастады. Электромагниттік өріс – денедегі электрлік және магниттік күйде болатын дене орналасқан кеңістік бөлігі.

Өзін - өзі бақылауға арналған тапсырмалар:

Қорғауға берілген реферат тақырыптары:

- 1 Г.Ом
- 2 Д.Джоуль
- 3 Д.Максвелл
- 4 А.С.Попов

Негізгі әдебиеттер /1-3/

Тақырып 8 / Тема 8

Дәріс тақырыбы: XX ғ. физикадағы ғылыми революцияның негізгі бағыттары. Қозғалмалы ортаның электродинамикасы. Эйнштейннің салыстырмалы теориясы.

Дәрістің мақсаты: Қозғалмалы ортаның электродинамикасы және Эйнштейннің салыстырмалы теориясы жайлы толығымен қарастыру.

Тақырып бойынша қарастырылатын сұрақтар:

- 1 Қозғалмалы ортаның электродинамикасы және электрондық теория
- 2 Эйнштейннің салыстырмалы теориясы
- 4 Салыстырмалы теориясының ары қарай дамуы.

Дәрістің тезісі: Электродинамиканың қозғалмалы орта саласын Майкельсон, Лоренц, Герц толығымен қарастырды. Герцтың 1890 ж. шыққан мақалаларында электр күштерінің таралуы жайлы көрсеткен. Келесі мақалаларында қозғалмалы ортаның электродинамикасының негізгі теңдеулері және денелердің қозғалу теңдеулері қарастырылады. Физика ғылымында голланд ғалымы Лоренц электрді теорияны дамытушы ретінде сақталады. Лоренц, Паункаре классикалық электродинамика негізінде өз теорияларын дамытты. Бұл ғалымдар зерттеулерінде эфир концепциясына сүйенді. Осыған сүйене отырып қозғалмалы орта динамикасының және оптиканың тәжірибелерімен айналысуға қызығушылықтары басым болды. Олар бұл теорияны түсіндіріп, математикалық аппаратты тапты.

Эйнштейннің алғашқы еңбектері молекулалық физика және термодинамикаға бағытталған. Осы зерттеулердің негізінде броундық қозғалыстың теориясын жасады. Эйнштейннің салыстырмалы теориясы жайлы жұмыстарының негізі «Қозғалмалы электродинамика ортасы» деп аталады. Салыстырмалы теориясы – ол энергияның сақталу заңы секілді абсолютті күштердің заңы. Эйнштейн осы теорияны қарастыруда ең басында магниттің қозғалысына салыстырмалы тәуелді болатын электромагнит индукция құбылысына тоқталады. Теорияны ол негізгі екі постулат арқылы дамытады:

- 1) Бір бірінен тұзу сызықты салыстырмалы түрде қозғалатын физикалық жүйелер туралы заңдар;
- 2) Жарықтың әр сәулесі координата осінде қозғалысыз жатқан сәулемен салыстырғанда белгілі бір жылдамдықпен қозғалады.

Бұл салыстырмалы принцип және жарық жылдамдығының тұрақтылығы принципі постулаттары салыстырмалы теориясының негізгілері болып табылады.

Салыстырмалы теорияны дамытушы ғалым ары қарай дамыта берді. Теорияны қарастыруда Лоренц жұмыстарын және 1904 ж. Майкельсон-Морли тәжірибелерін еске түсіру ең тасты идея. Кейінен Эйнштейн Координата мен уақыттың түрленулерін қорытып шығарады, Лоренцтің түрленулері деп атамайды.

Өзін - өзі бақылауға арналған тапсырмалар:

Қорғауға берілген реферат тақырыптары:

- 1 А.Майкельсон
- 2 Г.А.Лоренц
- 3 А.Эйнштейн

Негізгі әдебиеттер /1-3/,

Қосымша әдебиеттер /5-7/.

Тақырып 9 / Тема 9

Дәріс тақырыбы: Атомдық және ядролық физиканың пайда болуы.

Дәрістің мақсаты: Рентген, радиоактивтілік пен кванттың ашылулары жайлы қарастыру.

Тақырып бойынша қарастырылатын сұрақтар:

- 1 Рентген сәулелерінің ашылуы.
- 2 Радиоактивтіліктің ашылуы
- 3 А.Кюри мен м.Кюридің ашқан жаңалықтары
- 4 Кванттардың ашылуы

Дәрістің тезісі: XIX ғ. аяғында газ арқылы электрдің өту ту құбылысын зерттеуге ғалымдардың қызығушылықтары басым болды. Осы құбылыс жөнінде Фарадей разрядтың әр түрлі формаларын сипаттады, газдың жарқырау түтігінде қара кеңістікті ашты. Фарадейдің бұл кеңістігі катодтың катодтың көглідір жарқырауын анодтың қызылдырақ жарқырауынан бөліп тұрады. 1859 ж. математик Плюкер газдың қатты кезінде әлсіз көгілдік шоқтары болатыны тапты. Гольдштейн сәулелердің қасиеттерін зерттей отырып, оны 1876 ж. катод сәулелері деп аталатын сәулелерді ашты.

1896 ж. француз ғалымы А.Беккерель радиоактивтілік құбылысын ашты. Осы зерттеудің нәтижесінде атом өзгермейді, бөлінбейді деген түсінікті жоққа шығарды.

Радиоактивтіліктің ашылуымен қатар Кавендиш либаораториясының директоры Д.Д.Томсон сәуленің корпускулярлық табиғатын ашты. Томсонның ғылыми жұмысы 1880 ж. жарықтың электромагниттік теориясынан басталды. 10903 ж. электрдің газ арқылы өтуін зерттей отырып электронды ашты.

Рентген сәулелердің, радиоактивтіліктің, электронның ашылуы кванттардың ашылуына себеп болды. 1897 ж. Планктың жылулық сәулелену құбылысымен айналысу нәтижесінде кванттық энергияның гипотезасының бастамасын ашуға себеп болды.

Өзін - өзі бақылауға арналған тапсырмалар:

Қорғауға берілген реферат тақырыптары:

- 1 В.Рентген
- 2 Д.Томсон
- 3 М.Кюри
- 4 М.Планк

Негізгі әдебиеттер /1-3/,

ШҚМУ Е У 002-20-03 Пән бағдарламасы (Syllabus)

Тақырып 10 / Тема 10

Дәріс тақырыбы: Физика революциясының бірінші сатысы.

Дәрістің мақсаты: Физиканың революциясының I сатысы туралы мағлұмат беру.

Тақырып бойынша қарастырылатын сұрақтар:

- 1 Радиоактивтілікті айналулардың ашылулары
- 2 Атомдық энергетиканың энергиясы
- 3 Эйнштейннің кванттық теориясының дамуы
- 4 «Жаратылыстанудағы жаңаша революцияны» лениндік талдау

Дәрістің тезісі: XIX ғ. аяғы XX ғ. 50 жылдарында ашылған жаңалықтар физикалық революцияның тууына себеп болды. Атомдардың өзгермейтінін, масса заттың өзгермейтін мөлшері, Ньютон заңдары құлдырап, дискреттілік, үзілу пайда болды. Демокрит заманынан бері қалыптасқан физика мен философияда атомның өзгермейтіні және бөлінбейтіні жайлы ұғымдар радиоактивтіліктің ашылуы кезінде жойылды. 1900 ж. Вилар әлсіз сәуле шығаруды ашты. Вилар сәулелерін γ -сәуле деп атады. Жалпы α, β, γ -сәулелер өту қабілеті жағынан ерекшеленеді. 1900 ж. Беккерель β -сәулелер магнит өрісінде ауытқитынын көрсетті.

1903 ж. М.Складовская-Кюри радиоактивтілікті сәулеленудің схемасын көрсетті. Резерфорд жүргізген тәжірибелерге қарағанда радиоактивті ядродан шығарылатын сәулелердің 3 түрі болатындығы тағайындалды:

- 1) оң зарядты α -бөлшектер ағыны. α -бөлшектерін шығаратын негізгі көздері болып U, Ra, Th, Ac, Pu элементтері жатады. α -бөлшектердің ыдырау кезіндегі жылдамдықтары өте жоғары болады. Бөлшектің зарыдының абсолют шамасы электрон зарядының шамасынан 2 есе көп, ал массасы гелий атомы ядросының массасына тең;
- 2) β -сәулелер – теріс зарядты жарық жылдамдығына жуық жылдамдықпен қозғалатын электрондар. Сәулелердің спектрі үздіксіз, тұтас болып келеді;
- 3) γ -сәулелер - ешқандай заряды жоқ, толқын ұзындығы өте аз электромагниттік толқындар. Оның өтімділік қабілеті басқа сәулелерге қарағанда өте жоғары, ал иондану қабілеті өте аз.

Резерфорд пен содди радиоактивтіліктің ыдырау заңын тұжырымдады. Ыдырау заңы: Орнықсыз ядролардың белгілі бір уақыт аралығында орнықты күйге көші шамасын көрсететін заң. $dN = -\lambda N dt$. λ - ыдырау тұрақтысы.

Эйнштейн кванттық идеяға көңіл бөліп дамытқан. Фотоэффектіні Эйнштейн фотолюминесценция құбылысы арқылы түсіндірді. әр нүктеден шыққан сәуле шрғының энергиясы көлемге үздіксіз таралмайды, кеңістікте бөлінбейтін кванттық энергияға қосылады.

Жарықтың пайда болуы және жұтылуы кванттық заңдармен сипатталады.

1906 ж. Вольта кернеуі мен фотоэффект жиілігі арасындағы қатынасты көрсетеді: $U = \frac{R}{A} \beta \nu$.

Өзін - өзі бақылауға арналған тапсырмалар:

Қорғауға берілген реферат тақырыптары:

- 1 Ф.Содди
